



Бекітемін:

Мектеп директоры

Исатаева Б.Г.

**«Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ 2022-2023 оқу жылына арналған  
кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылықтың алдын-алу Кеңесінің  
отырысының жоспары**

<b>Кеңес отырыстарының тақырыптары мен қаралатын мәселелер</b>			
<b>№</b>	<b>Отырыста қаралатын мәселелер</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
	<p>№1 отырыс: 2021-2022 оқу жылындағы алдын алу кеңесінің істелінген жұмыстарының есебі. 2. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау, бекіту. 3. Ұйымдастырушылық мәселелері</p>	тамыз	ТІЖО
	<p>№2 отырыс: «Тәуекел» тобына жататын оқушылар мен олардың отбасы туралы мәлімет және оларды есепке алу. 2. Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған істер жөніндегі бөліммен бірлескене жұмыстың жоспарын талқылау, бекіту</p>	қыркүйек	ТІЖО Психолог Сынып жетекшілер
	<p>№3 отырыс: 1. Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу 2. Қыздардың үлгерімі мен тәртібі туралы «Қыз өссе елдің көркі»</p>	қазан	ТІЖО Психолог Қыздар клубының жетекшісі
	<p>№4 отырысы 1. Оқушылардың сабақтан қалу себептері мен олардың алдын-алу жөнінде. 2. Сабақтан көп қалатын оқушыларға лекция түрлерін оқу, үнемі қадағалап отыру. 3. Ұлдар тәрбиесі 4. Рейд жүргізу туралы ақпарат</p>	Қараша	ТІЖО Психолог Ұлдар клубының жетекшісі Әлеуметтік педагог
	<p>№5 отырыс: 1. Құқық апталығын өткізу туралы 2. Бақлауда тұрған оқушылардың қысқы</p>	Желтоқсан	ТІЖО Психолог Медбике Сынып



<p>2.Бақлауда тұрған оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру жұмыстары 3.Зиянды заттары қолданудың алдын алу жөнінде 5-11 кластар арасында қосымша бағдарламаның орындалуы</p>		<p>Медбике Сынып жетекшілер</p>
<p>№6 отырыс: 1. 1-11 сынып оқушыларының 2022 оқу жылының сабаққа қатысуын талдау 2. Оқу тәртібін бұзушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы. 3. Құқықтық жалпы білім</p>	<p>Қантар</p>	<p>ТІЖО Психолог Медбике Сынып жетекшілер</p>
<p>№7 отырыс: 1.«Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру – құқықбұзушылықтың алдын алудың ең басты жолы» ата-аналар мен мұғалімдер арасында дөңгелек үстелдің қорытындысы 2.Қаңғыбастылыққа бейім оқушыларды анықтау жөнінде ақпарат</p>	<p>Ақпан</p>	<p>ТІЖО Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер</p>
<p>№8 отырыс: 1.Оқушылардың көктем каникулын ұйымдастыру жұмыстары 2. кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың жай-күйі туралы ақпарат</p>	<p>Наурыз</p>	<p>ТІЖО Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер</p>
<p>№9 отырыс: 1. Әлеуметтік нормалар және бейәлеуметтік мінез-құлық (қылмыс, нашақорлық, маскүнемдік); 2. 14-жасқа толған кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі;</p>	<p>Сәуі</p>	<p>ТІЖО Психолог Әлеуметтік педагог медбике Сынып жетекшілер</p>
<p>№ 10 отырыс: 1.Бақлауда тұрған оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары 2Құқықбұзушылықтың алдын алу Кенесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары орындалуы</p>	<p>Мамыр</p>	<p>ТІЖО Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер</p>



**«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**  
**2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының**  
**ХАТТАМА №1**

31.08.2022

Қатысқандар: Алдын алу кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022 оқу жылындағы алдын алу кеңесінің істелінген жұмыстарының есебі.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
3. Ұйымдастырушылық мәселелері

1 Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салқынбаева А.А сөйледі. Ол 2021-2022 оқу жылында кеңестің атқарған жұмыстарына тоқталды.

Алдын алу кеңесінің комиссия мүшелері төмендегідей:

1. Исатаева Б.Г – құқықтық кеңестің төрағасы, мектеп директоры
2. Мырзахан Қайратгуль – төраға орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. Салқынбаева А.А - кеңес хатшысы

Кеңес мүшелері : ,

Жайсанбаева Е.Ә - мектеп психологі

Байтасова Ш.Ш – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мархан Нейлла – ата ана

Альмаганбетов Д.Е - (учаскелік полиция)

Оқушылардың құқықтық білімдерін тексеру мақсатында тест, сауалнама «Адам құқықтары мен бостандықтары», «Ғасыр індеті» сот сабақтарымен қатар, «Бала құқығы» заңды талдау жүргізілілді.

Құқық тәрбиесі, қылмысқа қарсы күрес, құқық қорғау, зиянды заттар, маскүнемдік және алкогольизмге қарсы күрес жөніндегі тақырыптарға байланысты ашық сағаттар, сайыс, кештердің көбірек болуына көңіл аудару керектігін айтты.

Қылмысқа қарсы күрес жөнінде кәмелетке толмаған балалардың құқығы жөнінде құқық қорғау органдарымен кездесу ұйымдастыру қатаң қолға алыну керектігіне тоқталды.

Тәртібінде ауытқуы бар қиын оқушылардың жанұясын зерттеу мектеп психологы мен класс жетекшілеріне жүктелетіндігін, жат, келеңсіз жағдайлар кездескен жағдайды болдырмаудың жолын қарастыру мақсатында ішкі істер бөлімімен үнемі байланыста болу керектігіне тоқталды.

2. Екінші сұрақ бойынша тыңдалды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан Қайратгуль . Ол кісі Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырып, талқыланып , бекітілді.

3. Үшінші сұрақ бойынша тыңдалды мектеп директоры Исатаева Б.Г. Ол кісі 2022-2023 оқу жылындағы ұйымдастырушылық мәселелерге тоқтала кетіп, қойылған сұрақтарға жауап берді.

**Шешім:**

1. Өткен оқу жылындағы кеңес жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Құқық кеңесінің жоспары бекітілсін.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түрлі жұмыстар өткізіліп, оқушыларды сыныптан тыс шараларға тарту қолға алынсын.

Мектеп директоры:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



*Исатаева Б.Г.*  
*Мырзахан Қайратгуль*

Исатаева Б.Г.

Мырзахан Қайратгуль

Хатшы:

*Салкынбаева А.А.*

Салкынбаева А.А.



«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының  
**ХАТТАМА №2**

29.09.2022

Қатысқандар: Алдын алу кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде :**

- 1.Тәуекел тобына жататын оқушылар мен олардың отбасы туралы мәлімет және оларды есепке алу
- 2.Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған істер жөніндегі бөліммен бірлескен жұмыстың жоспарын талқылау

1. Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектепте құқық кеңесін құрып, оның жұмыстарын ұйымдастыру, мектеп және жасөспірімдер бөлімшесімен бірге келісілген іс-шара жоспарымен таныстырды. Оны іс-жүзінде асыру жолдарына тоқталды. Жоспар бойынша құқық тәрбиесі, маскүнемдік және алкогольизмге қарсы күрес жөніндегі тақырыптарға байланысты ашық сағаттары, дебат, ринг, сайыс, конференция, кештер әр – түрлі ойындар өткізу керектігін айтты.

Кәмелетке толмаған балалар бөлімінде тізімде тұрған бала жоқ.Егер тәртібі нашар балалар болса мұндай жағдайда бұл мәселе педагогикалық кеңесте қаралатынын айтты. «Алкоголизмге, таксикоманияға, есірткеге қарсы алдын ала шараларын ұйымдастыру» жұмыстарын жүргізу бұйрығымен , іс-шара жоспарымен таныстырды, жауапты адамдарды бекітті. терроризм, діни экстремизм құбылыстарына қарсы шаралар қолдану іс-шара жоспарымен таныстырды.

Мектепте қиын, тәртібі нашар оқушыларды ерекше тізімге алу, тәлімгерлер белгілеп оларды сабақтан тыс мектепшілік үйірме жұмыстарына қатыстырып, бақылауға алуды сынып жетекшілеріне тапсырды.

Құмжарған ауылындағы дүкенді және ауылдағы жастар жиналатын орындарды бақылауға алып, мұғалімдер бірге кезекшілік кестесін жасап оны іске асыру жолдары қарастырылды.

«Жастар және заң» дөңгелек стол ақпан айында өткізу, «Дарынды» оқушылардың тарих, құқық және басқа пәндер бойынша баяндамалар және суреттер өре бәйгесін өткізу жоспарланды.

2-мәселе бойынша бойынша Сынып жетекшісі мәлімдемелері бойынша, қиын жағдай туғызатын балалар жоқ, кезекші мұғалімдер мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тарапынан ескерту түскен жоқ. Оқушылар сабақты себепсіз жібермейді, кешікпейді.

**Шешім:**

1. «Тәуекел» тобына жататын оқушылар мен олардың отбасы туралы мәлімет және оларды есепке алынсын.
2. Оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі үнемі қадағалансын.



Мектеп директоры:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Хатшы:

Исатаева Б.Г.

Мырзахан Қайратгуль

Салкынбаева А.А.



«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының  
ХАТТАМА №3

28.10.2022 ж

Қатысқандар: кеңес мүшелері

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде :

1. Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу
2. Қыздардың үлгерімі мен тәртібі туралы  
«Қыз өссе елдің көркі»

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан Қайратгуль күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өткеннен соң:

Құқықтық тәрбие жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес 7-11 сыныптар арасында «Өз құқығыңды білесің бе?» атты сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 7-11 сыныптар арасынан 20 бала анкета жазды.

Барлық оқушылар құқық заңдарын оқып үйренген. Бала құқығын қорғауда сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар, «Қылмыс неден туындайды?» пікірталас, «Бала құқығы мен міндеттері», «Оқушылардың міндеттер мен құқықтарының кодексі» лекция оқылды. «Ғасыр індеті» сот сабағы, «Бала құқығы» туралы заң (5-7 кл.) талқыланды. 8-11 кл. оқушылары «Бала және отбасы құқығы жайлы халықаралық құжаттармен» таныстырылды.

2. 2 мәселе бойынша тыңдалды Молхы Ақмарал. Ол өз баяндамасында қыздар тәрбиесіне көп көңіл бөлді. Тоқсан сайын жалпы қыздар жиналысы өтілетінін айтып өтті. Баяндамаға байланысты кеңес мүшелері өз пікірлерін ортаға салды. Қойылған сұрақтарға жауап беріліп, кеңес пен ұсыныстар берілді.

**Шешім:**

1. Мектепшілік оқушылардың сабаққа қатысуы, үлгерімі мен тәртібі үнемі қадағалансын.
3. Қыздар тәрбиесі бақылауға алынсын, оны қадағалау Молхы Ақмаралға жүктелсін.



Мектеп директоры:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Хатшы:

Исатаева Б.Г.  
Мырзахан Қайратгуль  
Салкынбаева А.А.



«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының  
**ХАТТАМА №4**

30.11.2022 ж

Қатысқандар: кеңес мүшелері

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде :

1. Оқушылардың сабақтан қалу себептері мен олардың алдын- алу жөнінде.
2. Сабақтан көп қалатын оқушыларға лекция түрлерін оқу, үнемі қадағалап отыру.
3. Ұлдар тәрбиесі
4. Рейд жүргізу туралы ақпарат

**Тыңдалды.**

1. Жиналысты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахаен Қайратгуль сөз алды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша оқушылардың сабақтан қалу себепін анықтады. Сабақтан қалған оқушылар түрлі себептер айтты. Жұмысқа қарасуы, ұйықтап қалу, сұранып кету т.б., сабақтан қалу жөнінде қатаң ескерту жасалды. Жиналысқа қатысып отырған 5-11 сынып жетекшілер.  
9 сынып жетекшісілері мектеп оқушыларын сабақтан қалмауларын қатаң бақылауға алу керек екені ескертілді.
2. Екінші мәселе бойынша мектеп психологы. Оқушыларға түрлі лекция жүргізіп, пікір алмасу ұйымдастырды. Лекцияға байланысты оқушылар сұрақтарын қойып отырды.  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: сөз алды; Құрметті сынып жетекшілер! Оқу жылы аяқталуына аз уақыт ғана қалды, оқушыларыңызды қатаң бақылауда ұстауларыңызды сұраймын.
- 3 - мәселе бойынша «Ұлдар тәрбиесі» туралы мектептің ұлдар тәрбиесінің жетекшісі ұлдарды өзін-өзі бағалауға ынталандыру, жастықшақ, жігіттік кезең туралы мағлұмат берді.
3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды Салкынбаева А.А. Ол кісі қатысушыларды оқу жылының басында рейд жүргізу кестесі бекітіліп, уақытымен рейд жүргізіліп тұрғанын айтып кетті. Рейд жүргізу барысында құқықбұзушылық анықталған жоқ, тіртіп бұзушылық болған жоқ екенін мәлімдеді.

**Шешімі:**

1. Оқушылар осы уақыттан бастап себепсіз сабақтан қалмайтын болсын, егер қалса класс жетекшілер себепін анықтап мәлімет беретін болсын.
2. Сабақтан көп қалатын оқушылармен класс жетекшілер психологпен бірлесе отырып, жұмыс жүргісін.
3. Ұлдар тәрбиесіне көп көңіл бөліп, ұлдар кеңесінің жұмысын одан әрі жандандырылсын.



Мектеп директоры:  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
Хатшы:

Исатаева Б.Г.  
Мырзахан Қайратгуль  
Салкынбаева А.А.



«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының  
**ХАТТАМА №5**

23.12.2022 ж

Қатысқандар: кеңес мүшелері

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде :

1. Құқық апталығын өткізу туралы
2. Бақлауда тұрған оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру жұмыстары
3. Зиянды заттары қолданудың алдын алу жөнінде 5-11 кластар арасында қосымша бағдарламаның орындалуы

**Тыңдалды.**

1. Жиналысты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан Қайратгуль сөз алды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Құқық апталығының өткізіліуі туралы айтып өтті. 9-14 желтоқсан аралығында мектебімізде құқық апталығы өткізілді. Жоспар құрылып, бекітілді. Мектеп медбикесі Жаба Аерке «Ерте жастағы неке проблемасы» тақырыбында қыздармен пікірталас өткізді. Қыздар клубының жетекшісі Молхы Ақмарал «Әдептілік-әдемілік» тақырыбында қыздар арасында тренинг өткізді. 6 сынып оқушыларымен «Құқықтық сауаттылық заман талабы» тақырыбында топтық жұмыс, мектеп психологі Жайсанбаева Е.Ә «Отбасындағы қолайсыздық құқықбұзушылықтың негізгі себебі» тақырыбында қыздармен жұмыс өткізілді.
2. Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә мектепте бақылауда тұрған оқушылардың жоқтығын айтты. Оқушылар сабаққа кешікпей, уақытылы келеді.
3. Үшінші мәселе бойынша сынып жетекшілер сөз алды. Дүйсенбі күндері тәрбие сағаттарында қосымша бағдарлама бойынша оқушылармен жұмыстар жүргізіп отырамыз. Оқушыларға зиянды заттарды пайдалануға болмайтын жөнінде видеороликтер, слайдтар көрсету арқылы түсінік жұмыстары жүргізіп, мағұлматтар береміз.

**Шешімі:**

1. Құқық апталығы өткізілгені есепке алынсын.

2. Зиянды заттары қолданудың алдын алу жөнінде 5-11 кластар арасында қосымша бағдарламаны жүзеге асыру, оқушыларға толық мағұлмат беру сынып жетекшілерге тапсырылсын.

Мектеп директоры:  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
Хатшы:



Исатаева Б.Г.  
Мырзахан Қайратгуль  
Салкынбаева А.А.



«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының  
ХАТТАМА №6

31.01.2023 ж

Қатысқандар: кеңес мүшелері

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде :**

- 1.1-11 сынып оқушыларының 2022 оқу жылының сабаққа қатысуын талдау
2. Оқу тәртібін бұзушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы.
3. Құқықтық жалпы білім.

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан Қайратгуль күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Бірінші мәселе бойынша 1-11 сынып оқушыларының 2022- 2023 оқу жылының сабаққа қатысуына талдау жасды. Нәтижесінде сабақты себепсіз қалдыратын оқушы анықталған жоқ. Сабақты қалдырған оқушылар дәрігерлік анықтамаларын тапсырып отырды.

2. Екінші мәселе бойынша оқу тәртібін бұзушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салкынбаева А.А. сөз сөйледі. Мектепшілік тәртіп бұзушылық үнемі қадағаланып отырылды. Қиын балалар тәртібі, сабаққа қатысуы өзін-өзі басқару мүшелері тарапынан да, мектеп әкімшілігі жағынан да, кезекші мұғалім мен сынып жетекшілер тарапынан да тексеріліп , құқық кеңесінде қаралып отырылады.

3. Үшінші мәселе бойынша құқықтық жалпы білім туралы мектеп психологы Жайсанбаева Е.Ә сөз сөйледі.

Құқық айлығы қаңтар айында өте жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Сынып жетекшілері мен сынып оқушылары қызығушылық танытып, белсенді қатысты. Онда тақырыптық дөңгелек үстел, ашық алаң, ауылдық инспектормен кездесулер өткізіліп , оқушыларға құқықтық сауаттылықтары толықтырылды.

Құқық қорғау мекемелерімен кездесу, учаскелік милициямен кездесуді жалғастыру керектігі айтылды. Кешкі мезгілдегі рейдтерді күшейту керектігі, әсіресе қыз балалардың мезгілсіз уақытта жүруіне тыйым салу керектігі айтылды.

**Шешім:**

1. 1-11 сынып оқушыларының жаппай оқумен қамтылуын қадағалауын жалғастыру.
2. Мектепшілік тәртіптің бұзылмауын қадағалап отыру .
3. Құқықтық жалпы білім беру туралы іс шараларды уақытылы өткізіп отыру.

Мектеп директоры:  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
Хатшы:



*Handwritten signatures in blue ink.*

Исатаева Б.Г.  
Мырзахан Қайратгуль  
Салкынбаева А.А.



«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының  
**ХАТТАМА №7**

27.02.2023 ж

Қатысқандар: кеңес мүшелері

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде :**

1.«Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру – құқықбұзушылықтың алдын алудың ең басты жолы» ата-аналар мен мұғалімдер арасында дөңгелек үстелдің қорытындысы

2.Қаңғыбастылыққа бейім оқушыларды анықтау жөнінде ақпарат

1. Бірінші сұрақ бойынша 8 сыныптың сынып жетекшісі Зархам Ердігуль сөз сөйледі. Ол кісі «Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру құқықбұзушылықтың алдын алудың ең басты жолы» ата-аналар мен мұғалімдер арасында дөңгелек үстелдің қорытындысы туралы айтты. Тақырыптық дөңгелек үстел 8 сыныптың оқушылары мен ата – аналары арасында ұйымдастырылып, ашық әңгіме жүргізіліп,. Онда оқушы мен ата – ана арасындағы қарым – қатынас, түсінбеушілік туралы ашық әңгіме қозғалып, қойылған сауалнамаға жауап берілді. Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру құқықбұзушылықтың алдын алудың ең басты жолы екені ескеріліп, ата – аналарға мектепте ұйымдастырылған спорттық секцияларының сабақ кестесі ұсынылды. Ата - аналар танысып, балаларын қатыстыратын болды.

2. Қаңғыбастылыққа бейім оқушыларды анықтау жөнінде ақпарат Қазақстанда жыл өткен сайын қаңғыбас балалардың саны көбейіп, бұл тақырып бүгінгі таңда еліміздегі өте өзекті мәселелердің қатарына кіріп отыр. Статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстанда 5 миллионға жуық бала бар екен. Ал олардың қаншасы қаңғыбастылыққа салынатыны жөнінде нақты мәлімет жоқ. Бұған жауапты құзырлы органдар әр облыстағы қаңғыбас балаларды қабылдайтын Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарынан жинап алынған ақпараттармен ғана шектеліп отыр. Ал тәртіп сақшыларының қолына түспеген, Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының табалдырығын әлі аттамаған қаңғыбас балалардың статистикасы, өкінішке қарай күні бүгінге дейін жасалмай келеді. Осы орайда мектебімізде де қаңғыбастылыққа бейім оқушыларды анықтау жөнінде іс шаралар уақытында өткізіліп отырылады.

Нәтижесінде ондай оқушылар жоқ.

**Шешімі:**

1. Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастырылсын

2. Қаңғыбастылыққа бейім оқушыларды анықтау жұмыстары жүргізіліп отырылсын

Мектеп директоры:  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
Хатшы:



*Исатаева Б.Г.*

Исатаева Б.Г.  
Мырзахан Қайратгуль  
Салкынбаева А.А.



«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының  
**ХАТТАМА №8**

**20.03.2023 ж**

Қатысқандар: кеңес мүшелері

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде :**

1. Оқушылардың көктем каникулын ұйымдастыру жұмыстары

2. Қауіпсіздік ережесі туралы және оқушылар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың жай-күйі туралы ақпарат

1. Тындалды 1 сұрақ бойынша мектептің тәлімгері Умирзакова С.С. . Ол кісі қатысушыларды оқушылардың көктем каникулын ұйымдастыру жұмыстарымен таныстырып, қандай іс шаралар жоспарланғаны туралы толық мәлімет берді.

1. Көктемде әр баланың қауіпсіз мінез-құлқын қамтамасыз ету өте маңызды. Осы кезеңде қар ериді, су тасқыны басталады және бұл әрқашан балаларды өзіне тартады. Келесі ережелерді сақтау қажет:

2/ - Мұз сүңгілері мен еріген қар құлауы мүмкін ғимараттардың бойымен жүруге болмайды;

- Су қоймаларына еріген мұзбен немесе мұз өту кезінде жақындауға тыйым салынады;

- Көктемгі күн өте алдамшы, тіпті көктемнің соңында тоғанға шомылу оңай суық тиюді тудыруы мүмкін, ал бас киімнің болмауы күн соққысына әкелуі мүмкін;

- Мұз бен қардан еріген жолдар велосипедпен жүруге мүмкіндік береді. Бірақ бұл өте сақтықпен жасалуы керек. Шынында да, ұзақ қыста екі доңғалақты көлікпен жүру ережелері ұмытылады. Оларды қайталау керек.

Балалар жақсы демалып, денсаулығын жақсартып, заңсыз әрекеттер жасамауы үшін ата-аналарға кеңес беріледі:

- балалармен жеке әңгімелер өткізіп, маңызды ережелерді түсіндіріп, олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға көмектеседі;

- баланың бос уақыты мәселесін шешіңіз. Есіңізде болсын, түнгі уақытта (22-ден 7-ге дейін) балалар мен жасөспірімдерге көшеде ересектердің қарауынсыз көрінуге тыйым салынады;

- балаңыздың қайда және кіммен бірге екенін үнемі біліп отырыңыз, оның тұрған жерін бақылаңыз;

- балаларды не болғанына қарамастан, сіз не болғанын білуіңіз керек деп сендіріңіз.

Балаларға кейбір фактілерді құпия сақтауға уәде берсе де, ешқашан жасыруға болмайтынын түсіндіріңіз;



- балалармен жол жүру, велосипед, Скутер, мопед, мотоцикл ережелерін зерттеу. 14 жасқа толмаған балаларға велосипедті автомобиль жолдарында және оларға теңестірілген жолдарда, ал 16 жасқа толмаған балаларға скутермен (мопед) басқаруға тыйым салынғанын ұмытпаңыз);

- отты абайсыз қолдану салдарынан болатын өрттердің пайда болу жағдайларына назар аудару: балалардың тентектігі; сөндірілмеген алау; сөндірілмеген темекі тұқылдары, шөпті өртеу;

- балаларға мінез-құлық ережелері туралы үнемі ескерту. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау - ересектердің басты міндеті;

– қауіпті интернет-ойындар туралы балалармен сөйлесу, олардың қызығушылығын бақылау.

Демалыс кезінде балалардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті ата-аналар көтереді.

### Шешімі:

1. Оқушылардың көктем каникулы дұрыс ұйымдастырылсын
2. Қауіпсіздік ережесі туралы және оқушылар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың жай-күйі туралы ақпаратпен таныстырылсын.

Мектеп директоры:  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
Хатшы:



Исатаева Б.Г.  
Мырзахан Қайратгуль  
Салкынбаева А.А.



«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының  
Құқықбұзушылықтың алдын алу отырысы болып өтті

**Хаттама №9**

19.04.2023 ж

Қатысуға тиіс: Алдын алу кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:**

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы есеп.
2. 5-сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерттеу туралы ақпарат.
3. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.
3. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.

**Тыңдалды.**

Бүгінгі құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Алтынай Теміржанова таныстырып өтті.

**Бірінші мәселе бойынша**- Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы мектебіміздің әлеуметтік педагогі сөз алды. 2022-2023 оқу жылы бойынша мектептемізде «Қатігездіксіз зорлық зомбылықтың алдын алу» «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн», «Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» тақырыптарында 10 күндік шаралар ұйымдастырылды. Оқушылармен, мұғалімдермен және ата аналармен іс шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

**Екінші мәселе бойынша** - 5-сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерттеу туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы мектеп психологі сөз алды. Биылғы оқу жылындағы 5 сынып оқушылардың сынып жетекшісімен байланыс жасай отырып үй жағдайларын зерттеу бойынша ата аналарымҒен жолығып сқйлестік. Ата аналармен байланыс дәптерлеріне жазылды.

**Үшінші мәселе бойынша** - Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат жөнінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алтынай Теміржанова айтып өтті. Отырысқа қатысушыларға презентация көрсету арқылы атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырылды. Зорлық зомбылықтың алдын алу негізінде іс шаралар ұйымдастырылды. Іс шараларға барлық оқушылар тартылды.

**Жиналыс қаулы етеді:**



1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы анықтамасы есепке алынсын
2. 5-сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерттеу туралы ақпараты, оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есепке алынсын
3. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар жиі өткізіліп ата-аналармен байланыс жасалып отырылсын.

Мектеп директоры,  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
Хатшы:



Исатаева Б.Г.  
Мырзахан Қайратгуль  
Салкынбаева А.А.



«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының  
Құқықбұзушылықтың алдын алу отырысы болып өтті

**Хаттама №10**

**20.05.2023 ж**

**Қатысуға тиіс:** Алдын алу кеңесінің мүшелері

**Қатыспағандар:** 0

**Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:**

1.1-2-сыныптардың оқу қызметін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерделеу туралы ақпарат.

Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.

2.1-2 сыныптардағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.

3.Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау.

**Тыңдалды:**

Бүгінгі құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Салкынбаева А.А таныстырып өтті.

**Бірінші мәселе бойынша** мектеп психологі сөз алды. 1-2-сыныптардың оқу қызметін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерделеу туралы ақпарат.

Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы айтып өтті. 1-2 сынып оқушылардың ата наларымен байланыс жасалып отырылады.

**Екінші мәселе бойынша** 1-2 сыныптардағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы әлеуметтік педагог айтып өтті. Мектептегі ұйымдастырылып отырылатын іс шарларға тартылып сынып жетекшілер Зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша тәрбие сағаттары өткізілді. 2 сынып түстен кейін оқитындықтан қыс мезгіліне қарай түнгі уақытта тарауларына байланысты ата аналарына мектептен күтіп алу жөнінде ескертілді. Сабақтан кешігетін, сабақтан себепсіз қалатын оқушылар жоқ.

**Үшінші мәселе бойынша-** Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау. Мектебімізде ондай ата аналар жоқ.Барлығы ата аналар балаларымен тығыс байланыста.Мектеппен, сынып жетекшілермен байланыс жасап отырады.

**Жиналыс қаулы етеді:**



1.1-2-сыныптардың оқу қызметін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерделеу туралы ақпарат.

Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы жұмысы есепке алынсын.

2.1-2 сыныптардағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар жандандырылысын.

3.Білім алушылардың және ата-аналармен байланыс күшейтілсін.

Мектеп директоры,  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
Хатшы



Исатаева Б.Г.  
Мырзахан Қайратгуль  
Салкынбаева А.А.